

ДАСТАН АҚАШ ҚАЗАҚТЫ КОРЕЯДА ҰЛЫҚТАДЫ



Жақында корей тілінде корей елінің мәдениет министрлігінің ақпараттық агенттігінің порталына Семей қаласындағы «Абай атындағы кітапхана» туралы танымдық мақала шықты.

Мақала авторы танымал шығыстанушы-корейтанушы және мемлекеттік басқару саласының маманы, халықаралық қарым-қатынас магистрі Дастан Ақаш. Бұл Абай облысының кітапханасы туралы корей тілінде жазылған алғашқы мақала десек артық айтқанымыз емес.

Шын мәнінде де корей тілінде және шығыс тілінде шыққан алғашқы мақала. Бұған дейін Дастан Ақаш корей елі туралы бірталай мақалаларымен танылған адам. Сездік құрастыруши, зерттеуші-ғалым, бірнеше кітаптың авторы. Қазақтың барлық жері мен мәдениетін, әрі Абай облысын корей еліне танытып жүрген елшіл азамат. Ол өзі еңірдің тумасы. Корейдің бизнес ортасында ұзақ жыл жұмыс жасаған, ғылыми және мәдени ортада ез саласының белгілі маманы. 2018 жылы Абай атын туралы корей тілінде алғаш рет танымдық мақала жазжы. Көлемді танымыдық, ерекше мақаланы жұртшылық жақсы қабылданап оқыды.

Осы жолы Абай кітапханасы жайлы шыққан танымдық мақалада автор кітапханамыздың бар ескі, сирек кездесетін кітаптар туралы тоқталаудың отырып отыр. Құнды кітаптардың тете жазу, латынша және кириллицамен жазылғандығын, олардың көбі 1950 жылдарға дейін басылғандығын баса айтқан. Қысқаша айттар Әолсақ, автор мақаласында кітапханадағы сирек кездесетін кітаптар қазақ халқының мұрасы екенін атап көрсеткен. Сирек кездесетін тарихи маңызы бар кітаптар екенін таныстыруды. Корей жұрттына бұған дейін қазақтардың арабша (тете жазу), латынша қолданғанын айттып, қызығушылық түдүрган. Кириллица жазуына дейін қазақтардың бірнеше рет жазуы өзгерсе де, сол заманда шыққан кітаптардың осы күні мәдени мұра ретінде сақталып

қалғандығы жазылған. Қазақ тілі секілді корей тілі де бірнеше рет жазуын өзгертіп, дамығандығын салыстырып көрсетті. Қазақ зияльярның латын мен кириллица жазуында шыққан еңбетерінің қазіргі таңда Қазақстан кітапханаларында сақталғанын, соның ішінде Абай кітапханасында да кептеп кездесетінін айта кеткен.

Үстіміздегі жылы кектем айында Елордамыз Нұр-Сұлтан қаласындаға болған Еуразиялық «Book Fest» көрмесінде Абай облысының атынан Абай кітапханасы қатысып, құнды, сирек кездесетін кітаптарды көрмеген қойғанын, және оны Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі Дәүрөн Абаев мырзаның көріп шыққанын да атап етеді автор ез мақаласында. Қазіргі таңда осындай сирек кездесетін кітаптарға отандық ғалымдарға ғана емес, шетел ғалымдары да қызығушылық танытып отырғанын тілге тиек еткен. Осылай корей елінің мәдени және ғылыми ортасына облыстық кітапханасын алғаш рет таныстырып отыр. Бұл әрине кітапхананың беделін арттырып, корей еліне таныла беруінен өз үлесін қосары анық. Дастан Ақаштың осындай ез туған жері мен мәдениетіне ерекше құрметі үшін оған алғыс айттып, осындай жақсы еңбектері, жаңалықтары және жітістіктерімен облыс жұртшылығын қуанта берсін деген тілек білдіреміз.



Майгул Сейтқажақызы,
Абай атындағы кітапхананың
дамыту білімінің басшысы,
Абай облысы